

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 11 маусымдағы № 917 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Мыналардың:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің атауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитетінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті болып өзгертілсін.

3. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 19 тамыздағы
№ 581 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру, балалардың құқықтарын қорғау, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді цифрландыру салаларында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.05.2025 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

1) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті;

2) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ тілінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Егер заңнамаға сәйкес оған уәкілеттік берілсе, Министрлік мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, № 8 үй.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2022 № 834 (ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Министрліктің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Министрлікке Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Министрліктің міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру, балалардың құқықтарын қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

2) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді қоспағанда, барлық деңгейлерде білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

3) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

4) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру, балалардың құқықтарын қорғау салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2025 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы қолдану жөніндегі түсіндірмелер мен түсініктемелер беру;

Министрлік қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыру;

Еңбек кодексінде және мемлекеттік қызмет туралы заңнамада көзделген жағдайда және тәртіппен жұмыскерлерді көтермелеу, оларға тәртіптік жазалар қолдану, жұмыскерлерді материалдық жауапкершілікке тарту;

құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттарының жобаларын әзірлеуге қатысу;

Министрліктің құзыретіне жататын қызмет саласындағы халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу;

ведомстволардың аумақтық бөлімшелеріне орындалуы міндетті нұсқаулар беру;

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, олар бойынша хаттамалар жасау және әкімшілік жазалар қолдану;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Министрліктің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап-арыз беру;

қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, өтініштері мен шағымдарын қарау;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен, сондай-ақ мемлекеттік органдармен келісу бойынша олармен бірлескен актілер негізінде басқа мемлекеттік органдармен, халықаралық ұйымдармен, сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылармен өзара іс-қимыл жасау;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) білім беру саласында азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз ету;

1-1) өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

2) жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

2-1) білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, салааралық үйлестіруді жүзеге асыру, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру, балалардың құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

3) мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру сапасын басқаруды жүзеге асыру, білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз ету;

4) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді қоспағанда, барлық деңгейдегі білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын әзірлеу және бекіту;

5) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру;

6) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

7) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім, балалардың құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуды қамтамасыз ету;

8) білім беру мәселелері бойынша жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

9) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

10) балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

11) шетелдік әріптестермен келіссөздер жүргізу және өз құзыреті шегінде мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы халықаралық шарттары (келісімдер) мен бағдарламаларға қол қою, білім беру ұйымдары жүзеге асыратын халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру қағидаларын белгілеу және осы жұмысты үйлестіру;

12) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

13) бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуын ұйымдастыру қағидаларын қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органмен келісу;

13-1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен адамның баланы тәрбиелеуге қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулар тізбесін келісу;

14) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі, жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру, салааралық үйлестіруді жүзеге асыру, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласындағы халықаралық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

15) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім берудің даму жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндаманы дайындау және жариялау, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ашық деректерінің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректердің бірыңғай тізбесіне сәйкес ақпаратты ашық қолжетімділікте орналастыру арқылы қоғам мен мемлекетті мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру жүйесінің жай-күйі және оның қызметінің тиімділігі туралы объективті ақпаратпен қамтамасыз ету;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

16) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 11.02.2026 № 80 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16) білім беруді басқару жүйесінің білім беру мониторингін және оны ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыру, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекіту;

17) балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

18) олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерін және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;

18-1) балаларды алты жастан бастап тестілік немесе конкурстық рәсімдерді қолданбай қабылдау тәртібін айқындау;

18-2) білім берудегі өзгерістер көшбасшыларын іріктеу және даярлау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

19) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің тиісті типтегі және түрдегі үлгілік қағидаларын бекіту;

19-1) білім берудің білім беру-сауықтыру ұйымдары мен олардың тиісті түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;

19-2) білім беру ұйымдарында балалардың сауықтырылуы мен демалысын ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

19-3) халықаралық мектептер мәртебесін беру ережелерін әзірлеу және бекіту;

19-4) халықаралық мектеп мәртебесін беру;

20) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.05.2025 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20-1) мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау стандартын әзірлеу және бекіту;

21) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

22) мүдделі орталық атқарушы органдармен, жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен өзара іс-қимыл жасай отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын әзірлеу және бекіту;

23) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау;

24) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын әзірлеуді ұйымдастыру және бекіту;

25) мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын әзірлеу және бекіту;

26) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысқа басшылықты жүзеге асыру және оны жүргізуді үйлестіру, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын, кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша және онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту;

26-1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқу процесін онлайн-оқыту нысанында ұйымдастыру қағидаларын бекіту;

27) орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;

27-1) монополияға қарсы органмен келісім бойынша білім беру деңгейлері бойынша оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендерге сараптама жүргізуді ұйымдастыру, сондай-ақ білім беру жүйесі мен білім беру процесін әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша білім беру саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасын айқындау (мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, үлгілік оқу жоспарлары, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған үлгілік оқу бағдарламалары);

28) республикалық және жергілікті бюджеттер бекітілгенге дейін орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін, оның ішінде электрондық нысанда бекіту;

29) жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы, жалпы білім беру пәндері бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылардың республикалық конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

30) жалпы білім беру пәндері бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстары мен спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын қалыптастыру және бекіту ;

31) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының жарғыларын бекіту;

32) тиісті саланың уәкілетті органдарымен келісу бойынша педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлеу және бекіту;

33) еңбек жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларын әзірлеу және бекіту;

34) педагогтерді қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;
ЗҚАИ-ның ескертпесі!

34-1) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 11.02.2026 № 80 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

34-1) педагогтерді мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарға, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру ұйымдарына жұмысқа қабылдауды жүзеге асыру үшін білім беру саласындағы ақпараттандыру объектісін айқындау;

35) салалық көтермелеу жүйесін әзірлеу және бекіту;

36) еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

36-1) студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты, жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды және мемлекеттік атаулы стипендияларды қоспағанда,

мемлекеттік стипендиялар, білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын төлеуді жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруға қатысушылардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 47-бабының 17-тармағында көрсетілген адамдардың бюджет қаражаты шығыстарын жұмыспен өтеу немесе жұмыспен өтемеген жағдайда орнын толтыру жөніндегі өз міндеттерін сақтауын мониторингтеу мен бақылауды қамтамасыз ететін операторды ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша айқындау;

37) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

38) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары студенттерін жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

39) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру және бөлу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

40) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары студенттерін жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты бекіту және орналастыру;

40-1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидаларын бекіту;

41) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары студенттерін жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырыстың мөлшерін айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

42) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;

43) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді ұйымдастыру, оларды сақтау, есепке алу мен беру және олармен негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру

ұйымдарын, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту, олардың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру;

44) орта білім беру ұйымдары үшін жеке пән бойынша бірыңғай базалық оқулықты айқындау және бекіту;

45) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнаулы оқу бағдарламаларын, сондай-ақ мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

46) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларын ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

46-1) білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;

47) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.05.2025 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

47-1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар мен педагогтердің академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

48) білім беру жүйесін басқару органдарын ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

49) арнаулы білім беру ұйымдарының үлгілері мен түрлерінің тізбесін белгілеу, арнаулы білім алуға мұқтаж адамдар үшін білім беру ұйымдарында қажетті орын санын айқындау;

50) мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік жарақтандырылуы мен қамтамасыз етілуіне қойылатын ең төмен міндетті талаптарды белгілеу;

51) білім алу үшін арнайы жағдайлардың бірыңғай қағидалары мен нормативтерін айқындау;

52) білім алушыларды аттестаттау әдістемесін айқындау;

53) уәкілетті органның балалар құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық ісіндегі қызметін үйлестіру;

54) біліктілікті арттырудың ваучерлік-модульдік жүйесінің әдістемесін әзірлеуді ұйымдастыру және бекіту;

55) білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

56) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

57) орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені әзірлеу және бекіту;

58) орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

59) қолайсыз ауа райы метеожағдайларында орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақтарды тоқтату қағидаларын әзірлеу және бекіту;

60) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқулықтарға және оқу-әдістемелік кешендеріне қажеттілігін болжау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

61) мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

62) мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;

63) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

64) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

65) жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарына (ғылыми жарыстарға) қатысушылар құрамын қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

66) педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;

67) педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейін қолдауды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

67-1) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беретін мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту;

68) педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

68-1) кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын, сондай-ақ олардың құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

69) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

70) дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын мүдделі мемлекеттік органдармен келісу бойынша әзірлеу және бекіту;

71) мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балаларды, олар орта білім алғанға дейін есепке алуды ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

72) жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының типтері мен түрлерінің тізбесін бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақты 72-1), 72-2) және 72-3) тармақшалармен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 11.02.2026 № 80 (01.09.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

73) мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған орта білім беру ұйымдарын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын ұйымдық-құқықтық нысанына қайта ұйымдастыру үшін өлшемшарттарды әзірлеу және бекіту;

74) республикалық орта білім беру ұйымдарындағы мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту;

75) мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша сырттай және кешкі оқу, сондай-ақ экстернат нысандарында білім алуға жол берілетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің тізбесін бекіту;

76) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп формалды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

77) формальды емес білім беретін ұйымдарды тану қағидаларын әзірлеп, бекіту және формальды емес білім беретін, танылған ұйымдардың тізбесін қалыптастыру;

78) баланың құқықтарын қорғау саласындағы басқа да мүдделі уәкілетті органдардың қызметін, оның ішінде халықаралық ынтымақтастық саласында үйлестіру ;

79) баланың құқықтарын қорғау саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

80) ведомстволық бағынысты ұйымдарды бюджет қаражаты есебінен белгіленген тәртіппен қаржыландыруды жүзеге асыру;

- 81) мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттарды толтыруға қойылатын талаптарды айқындау;
- 82) білім беру ұйымдары, оның ішінде шағын жинақталған мектептер түрлерінің номенклатурасын бекіту;
- 83) мемлекеттік білім беру тапсырысына байланысты қызметтер көрсетудің тізбесін қалыптастыру және бекіту;
- 84) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарын сайлау тәртібін қоса алғанда , жұмысты ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту;
- 85) балалар ауылындағы отбасында балаларды күтіп-бағуды және тәрбиелеуді жүзеге асыратын тәрбиеші ананы конкурстық іріктеу тәртібін айқындау;
- 86) балалар ауылының әкімшілігі туралы ережені бекіту;
- 87) тәрбиеші аналардың біліктілік санаттарын әзірлеу және белгілеу;
- 88) балаларды балалар ауылындағы отбасына беру туралы үлгілік шартты бекіту;
- 89) балалар ауылының, балалар үйінің және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттың және тәрбиеленушінің (түлектің) арасында жасалған Жасөспірімдер үйінде күтіп-бағу туралы үлгілік шартты бекіту;
- 89-1) жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау, қайтару тәртібін және оның мөлшерін бекіту;
- 89-2) патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақшалай қаражат мөлшерін және оны төлеуді жүзеге асыру қағидаларын бекіту;
- 89-3) жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғынжайын жалдауға (қосымша жалдауға) берудің үлгілік шартын бекіту;
- 89-4) жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғынжайының сақталу қағидаларын бекіту;
- 89-5) пәтер үлгісіндегі тұрғын үй-жайлар, әкімшілік ғимараттар мен отбасылардың тұруына арналған құрылысжайлар, сондай-ақ үй іргесіндегі және қосалқы (үй) шаруашылығы орналасқан балалар ауылы аумағының ең аз мөлшерін айқындау қағидаларын бекіту;
- 89-6) жыл сайын ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, білім беру ұйымдарының типтері бойынша оқытудың орташа құнының ұзақ мерзімді болжамдарын әзірлеу;
- 89-7) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы операторды айқындау;
- 89-8) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша білім беру жинақтау салымы және білім беру жинақтау сақтандыруы туралы үлгілік шарттарды әзірлеу және бекіту;

89-9) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 24.02.2025 № 95 (12.03.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

89-10) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

89-11) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, оператор мен қатысушы банк, оператор мен қатысушы сақтандыру ұйымы, мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператор мен қатысушы білім беру ұйымы арасындағы мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісімдерді әзірлеу және бекіту;

89-12) "Үздік педагог" атағын беру қағидаларын бекіту;

89-13) қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау тәртібін және төлеу мөлшерін әзірлеу және бекіту;

89-14) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

89-15) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін бастапқы білім беру капиталын есептеу, пайдалану, қайтару қағидаларын келісу;

90) азаматтардың денсаулығын сақтау, әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың техникалық құралдарына қойылатын нормативтік талаптарды әзірлеу және бекіту;

91) Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы жыл сайынғы мемлекеттік баяндаманы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыну және оны ресми басылымда жариялау;

92) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар беру қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту;

93) кәмелетке толмағандардың заңға мойынұсынушылық мінез-құлқын қалыптастыруға, олардың бойына адамгершілік пен саламатты өмір салты негіздерін дарытуға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеу және оны білім беру ұйымдарының жұмыс практикасына енгізу;

94) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 11.02.2026 № 80 (02.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

95) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 11.02.2026 № 80 (02.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

96) білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын әзірлеу және бекіту;

97) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.06.2024 № 506 қаулысымен;

98) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.06.2024 № 506 қаулысымен;

99) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету;

100) халықтың арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттіліктеріне талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

101) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерді ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіруді жүзеге асыру;

102) білім беру ұйымдарын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің үйлестірілуін жүзеге асыру;

103) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы білім беру ұйымдарының қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

103-1) баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру;

104) жеке және заңды тұлғалармен, халықты әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мемлекеттік органдармен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыру;

105) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын әзірлеуді ұйымдастыру және бекіту;

106) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және оны енгізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

106-1) оқыту тілін қосымша қолдауды қажет ететін, қазақ тілінде оқитын бірінші сыныптардың білім алушыларына арналған бейімдеу бағдарламасын, сондай-ақ оны ендіру қағидалары мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

107) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдеріндегі мәліметтерді алу;

108) лицензиарларды, лицензия беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және оларды рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу;

109) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін әзірлеуді ұйымдастыру және бекіту;

110) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін, бейіндер бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен

кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бірлестіктерін құру және олардың қызметі туралы ережені бекіту;

111) білім беру жүйесінің сапасын сырттай және ішкі бағалау үшін статистикалық және талдамалық бағалау көрсеткіштерінің кешені көмегімен білім беру мониторингін жүзеге асыру;

112) кәмелетке толмағандарға қорғаншылық, қамқоршылық мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіруді және өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастыруды жүзеге асыру;

113) асырап алынған балаларды консулдық есепке қою туралы есептер мен ақпаратты есепке алу қағидаларын бекіту;

113-1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкіл қызметінің қағидаларын әзірлеу және бекіту;

114) меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру, балалардың құқықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының және нормативтік құқықтық актілердің, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының орындалуын, білім беруді басқару органдарын, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдарда бюджеттік және қаржылық тәртіпті мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыру;

115) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

116) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың, мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту;

117) мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту;

118) мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

119) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

120) мемлекеттік қызмет көрсету;

121) "Алтын белгі" белгісі туралы ережені бекіту;

122) "Үздік педагог" атағын беру қағидаларын бекіту;

123) "Орта білім беретін үздік ұйым", "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін үздік ұйым" гранттарының мөлшерін және оларды беру тәртібін белгілей отырып, осы гранттарды беруге арналған конкурстарды өткізу қағидаларын бекіту;

124) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру туралы рұқсат беру мүмкіндігі туралы қорытынды беретін комиссия қызметінің қағидаларын және құрамын бекіту;

125) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға ниет білдірген адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту;

126) бала асырап алу жөніндегі агенттіктерді және жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын бекіту;

127) жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларын бекіту;

128) патронаттық тәрбие туралы ережені бекіту;

129) асырап алынған баланың өмір сүру, оқу, тәрбие жағдайлары туралы және денсаулығының жай-күйі туралы есепті ұсыну қағидалары мен мерзімдерін, нысанын бекіту;

130) жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасыларына тәрбиелеуге қабылдауға ниет білдірген адамдардың республикалық деректер банкіне қалыптастыру және пайдалану қағидаларын бекіту;

130-1) Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасыларына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкінде қамтылатын мәліметтерді қорғау жөнінде шаралар қабылдау;

131) баланы қабылдайтын отбасылар туралы ережені бекіту;

131-1) баланы қабылдайтын кәсіби отбасы туралы ережені бекіту;

131-2) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында және арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарында кәмелетке толмағандарды ұстау қағидалары мен шарттарын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгілеу;

132) қабылдаушы ата-аналарға берілген жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуды қаржыландыру қағидаларын және мөлшерін бекіту;

133) бала қонақтайтын отбасы туралы ережені бекіту;

133-1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

134) баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидаларын бекіту;

135) Министрлік қалыптастыратын мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

136) Министрліктің өкілеттіктеріне жататын мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылау функцияларын жүзеге асыру;

137) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстарды дайындауды және уәкілетті органға енгізуді жүзеге асыру;

138) стандарттау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ұлттық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын әзірлеуді жүзеге асыру;

139) стандарттау жөніндегі құжаттар мен ұлттық стандарттау жоспарының жобаларын қарау;

140) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асыру;

141) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің және стандарттау жөніндегі ұлттық органның, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу;

142) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

143) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына бекітілген дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылысжайларын мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

144) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 11.02.2026 № 80 (04.02.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

145) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту;

146) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.10.2025 № 908 қаулысымен;

146-1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім беруді басқару органдары бірінші басшыларының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын келісу;

147) жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын, оқуға ата-ана төлемақысының шекті мөлшерін бекіту;

148) мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

149) әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару схемаларын қалыптастыру кезінде қолданылатын білім беруді басқару органдары (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармалары, сондай-ақ оларға есеп беретін және олардың бақылауындағы, аудандарда, қалаларда немесе облыстық және республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аудандарда орналасатын білім бөлімдері) арасында функцияларды бөлуді әзірлеу және бекіту;

150) педагог лауазымдарының тізбесін бекіту;

151) мемлекеттік ұйымдар педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларын бекіту;

152) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.05.2025 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

153) педагогтің жұмыс және демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту;

154) тәлімгерлікті ұйымдастыру тәртібін және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту;

155) педагогтердің аттестаттаудан өту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

156) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлау бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптарды, оларды психологиялық даярлау жөніндегі қызметті ұйымдастыру тәртібін және осындай даярлықтан өткені туралы сертификаттың нысанын бекіту;

157) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын, үлгілік оқу бағдарламаларын сараптау және сынақтан өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

158) тиісті саланың уәкілетті органымен келісу бойынша мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарында

және олардың аумақтарында әкелуге тыйым салынған, оларда пайдалану шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

159) орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

160) мемлекеттік орта білім беру объектілерін салуды, реконструкциялауды, күрделі жөндеуді қаржыландыру және жүргізу қағидаларын сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлеу және бекіту;

161) білім беру сапасына халықаралық салыстырмалы және ұлттық зерттеулерді жүргізуді үйлестіруді және білім беруді дамытудың жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндама дайындауды, сондай-ақ "Ұлттық білім беру дерекқоры" цифрлық жүйесін қалыптастыруды, қолдап отыруды, оған жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді, интеграциялауды және оның киберқауіпсіздігін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаны айқындау;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

162) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 11.02.2026 № 80 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

162) "Ұлттық білім беру дерекқоры" ақпараттық жүйесін қалыптастыру, қолдап отыру, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграциялау және оның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

163) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 11.02.2026 № 80 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

163) білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне қойылатын ең төмен талаптарды әзірлеу және бекіту;

164) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімдерін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізілімдеріне енгізу және олардан алып тастау негіздерін әзірлеу және бекіту;

165) мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

166) жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын қалыптастыру және бекіту ;

166-1) жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарын (ғылыми жарыстарды),

орындаушылар конкурстарын, кәсіптік шеберлік конкурстарын және спорттық жарыстарды іріктеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

167) соңғы үш жылдағы жеңімпаздары мен жүлдегерлері (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына білім беру гранты беріле отырып қабылданатын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың, халықаралық ғылыми жобалар конкурстарының және орындаушылардың халықаралық конкурстарының, спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын қалыптастыру және бекіту;

168) жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер, ғылыми жобалардың халықаралық конкурстарының жеңімпаздары, оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін қалыптастыру және бекіту;

169) жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған педагогтерге, ғылыми жобалардың халықаралық конкурстарының жеңімпаздарына, оларды дайындаған педагогтерге біржолғы сыйақы төлеу қағидаларын, сондай-ақ жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған педагогтерге, ғылыми жобалардың халықаралық конкурстарының жеңімпаздарына, оларды дайындаған педагогтерге берілетін біржолғы сыйақының мөлшерлерін бекіту;

170) орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

171) тиісті саланың уәкілетті органымен келісу бойынша баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын әзірлеу және бекіту;

172) мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік білім беру тапсырысының көрсетілетін қызметтерінің шарттарын жасасу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

173) балалар ауылындағы отбасы туралы ережені бекіту;

174) жасөспірімдер үйі туралы үлгілік қағидаларды бекіту;

175) халықтың тығыздығына және елді мекендердің шалғайлығына қарай білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін әзірлеу және бекіту;

176) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды, оған қолжетімділікті қамтамасыз ету;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

177) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 11.02.2026 № 80 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

177) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру жөнінде шаралар қолдану;

178) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылауды жүргізу;

179) Қазақстан Республикасының аумағында танылатын орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту;

180) ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында ұсыныстар әзірлеуге және мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу, Министрліктің өкілеттіктері шегінде ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмысты үйлестіру;

181) Министрліктің өкілеттіктері шегінде іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын қалыптастыруға қатысу;

182) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастыру және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі және жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында олардың іске асырылуын жүзеге асыру;

183) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі, жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында орындалған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жөнінде есептерді бекіту;

184) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеуге қатысу;

185) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу қағидаларын әзірлеуге қатысу;

186) уәкілетті органға ұлттық ғылыми кеңестердің құрамына қосу үшін кандидатуралар жөнінде ұсыныстар енгізу және олардың құрамын келісу;

187) ұлттық ғылыми кеңестер туралы ережені әзірлеуге қатысу;

188) уәкілетті органға базалық қаржыландыру субъектілерінің және іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың тізбелерін қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізу;

189) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет пен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларын әзірлеуге қатысу;

190) мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісу бойынша Министрліктің даму жоспарын бекіту;

190-1) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша зерттеулердің және консалтингтік көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

190-2) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

190-3) өткізуден түскен ақша өз иелігінде қалатын білім беру саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, білім беру саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

190-4) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша нысаналы салымды пайдалану туралы есептілікті жасау қағидаларын, оны ұсыну нысандары мен мерзімдерін, сондай-ақ нысаналы салымды пайдаланудың барысы мен нәтижелері туралы ұсынылатын ақпаратқа қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

190-5) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша заттай нормаларды әзірлеу және бекіту;

190-6) білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру кезінде бюджеттің атқарылу рәсімдерін әзірлеу және бекіту;

191) мынадай:

бастауыш білім беру;

негізгі орта білім беру;

жалпы орта білім беру;

білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтар топтары бойынша техникалық және кәсіптік білім беру;

білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтар топтары бойынша орта білімнен кейінгі білім беру;

рухани білім беру;

кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін ұсынатын балаларға арналған қосымша білім беру қызметтерін ұсыну үшін білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру;

192) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және балаларға арналған қосымша білім беру саласындағы кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін көрсетуді қамтымайтын қызметті жүзеге асыруды бастау немесе тоқтату туралы хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыру;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

193) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 12.03.2026 № 165 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

193) білім беру ұйымдарын рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен алып тастау;

194) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қызметін хабарлама жасау тәртібінде жүзеге асыратын білім беру ұйымының қызметін тоқтата тұру;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

195) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 12.03.2026 № 165 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

195) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

196) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 11.02.2026 № 80 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

196) хабарлама жасау тәртібін рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес электрондық түрде жүзеге асыру;

197) өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында белгіленген талаптарды сақтауын тексеруді жүзеге асыру;

198) білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, білім беру ұйымының қайта ұйымдастырылуына байланысты білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу мәселелерін алқалы және жария қарау үшін консультациялық-кеңесші орган құру;

198-1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына мемлекеттік аттестаттау жүргізу қағидаларын бекіту;

199) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орындарын, денсаулық сақтау саласында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын және Сот төрелігі академиясын қоспағанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды жүргізу;

200) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 11.02.2026 № 80 (04.02.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

201) бақылау және тексеру іс-шараларының нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті органның және Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне жатқызылған баптар бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау, әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жазалар қолдану, істерді қозғау және оларды сот органдарына беру, сот процестеріне қатысу;

202) аумақтық органдардың қызметін үйлестіру және бақылау, сондай-ақ оларға әдістемелік көмек көрсету;

203) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою рәсімін жүзеге асыру;

204) білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторингті ұйымдастыру және бекіту;

204-1) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау қорытындылары бойынша мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту;

205) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ведомстволық бағынысты ұйымдардағы бюджеттік және қаржылық тәртіпті бақылауды қамтамасыз ету;

206) баланың құқықтарын қорғау, балалардың қадағалаусыз және қараусыз қалуына қарсы іс-қимыл жасау, әлеуметтік жетімдіктің алдын алу мен оның профилактикасы саласында мүдделі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

207) бала асырап алу, қорғаншылық, қамқоршылық, патронат, баланы қабылдайтын отбасы, бала қонақтайтын және баланы қабылдайтын кәсіби отбасы мәселелері бойынша облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалалары білім басқармаларының қызметін үйлестіру және бақылау;

208) бала асырап алу жөніндегі агенттіктерді аккредиттеуді жүргізу;

209) бала асырап алу жөніндегі агенттіктерді аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімдерді, бала асырап алу жөніндегі агенттік филиалының және (немесе) өкілдігінің қызмет етуін ұзарту (ұзартудан бас тарту), тоқтата тұру, қайтадан қолданысқа енгізу және тоқтату туралы дәлелді шешімдерді беру;

210) жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасыларына тәрбиелеуге қабылдауға ниет білдірген адамдардың республикалық деректер банкі қалыптастыру мен пайдалану бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарының қызметін үйлестіру;

210-1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 12.03.2026 № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

210-2) баласынан бөлек тұратын ата-ананың, аталарының, әжелерінің, аға-інілері мен апа-сіңлілерінің баламен араласуына байланысты дауларды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның шешуі қағидаларын әзірлеу және бекіту;

211) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

212) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.06.2024 № 506 қаулысымен;

213) меншік түріне, нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім беруді басқару органдарының, білім беру ұйымдарының және бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің Қазақстан Республикасының бала құқықтарын қорғау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуді мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

213-1) балалардың құқықтарын қорғау саласында жоспарлы тексеруді жүргізу үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту;

214) баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі қызметін үйлестіру;

215) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.06.2024 № 506 қаулысымен;

216) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.06.2024 № 506 қаулысымен;

216-1) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп зорлық-зомбылыққа, қатыгез қарым-қатынасқа, жәбірлеуге (буллингке) ұшыраған, сондай-ақ зорлық-зомбылықтың куәсі болған кәмелетке толмағандарды анықтау және оларға көмек көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

216-2) зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларға көмек көрсету кабинеттері қызметінің үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;

216-3) кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қатыгез қарым-қатынастың, жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы мәселелері бойынша педагогтердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

216-4) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті орган қызметкерлері үшін біліктілікті арттырудан өту қағидаларын, сондай-ақ оны өту мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

216-5) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті орган қызметкерлерін белгіленген үлгідегі киіммен қамтамасыз ету және оны кию қағидаларын әзірлеу және бекіту;

216-6) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті орган қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

217) білім беру ұйымдарында балаларды тамақтандыруды ұйымдастыруды, балаларды мектепке жеткізуді мониторингтеу мен талдауды жүзеге асыру;

218) балалар өмірі сапасының құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету;

219) Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырыстарын ұйымдастыру және өткізу;

220) адамгершілік-рухани дамытуға бағытталған үкіметтік емес ұйымдардың қызметі мен балалардың әлеуметтік бастамаларын үйлестіру және қолдау;

221) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру және қосымша білім беру, балалардың құқықтарын қорғау саласында жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көрсету тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар әзірлеу;

222) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық консультациялық, әдістемелік қолдау көрсету;

223) балалар өмірі көрсеткіштерінің ең төменгі әлеуметтік стандарттарын, нормалары мен нормативтерін жақсарту жағына қарай жыл сайын қайта қарауды қамтамасыз ету;

223-1) балалардың тұрмысын жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төмен әлеуметтік стандарттарды белгілеу;

224) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын ұйғарымда белгіленген мерзімде жою туралы орындалуы міндетті жазбаша ұйғарымдар беру;

225) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттар бланкілерінің пайдаланылуын бақылауды жүргізу;

226) шетелдіктерге асырап алуға берілген балаларды бақылауды жүзеге асыру;

227) өз құзыреті шегінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

228) білім беру қызметінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысандарын әзірлеу және бекіту;

229) орта білім беретін республикалық ұйымдарды, сондай-ақ халықаралық келісімдерге сәйкес шетелдік мектептерде оқитын отандастарды оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету;

230) мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету бойынша жұмысты үйлестіру;

231) республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

232) білім беру ұйымдарына әдіснамалық көмек көрсету;

233) жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйымды аккредиттеуді жүргізу;

234) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімдерді, жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйымдардың қызметін ұзарту (ұзартудан бас тарту), тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату туралы дәлелді шешімдерді беру;

234-1) оқу-тәрбие процесі шеңберінде білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің адам саудасының алдын алу мәселелері бойынша білімін, машықтары мен дағдыларын қалыптастыру;

234-2) басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп адам саудасының алдын алу жөніндегі іс-шараларға қатысу;

234-3) білім беру ұйымдарында баса назар аударуды талап ететін кәмелетке толмағандарды педагогикалық қолдап отыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

234-4) психологиялық қолдау орталықтары қызметінің қағидаларын әзірлеу және бекіту;

234-5) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне құқықтық тәрбие беру мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

234-6) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің заңға бағынатын мінез-құлқын қалыптастыруға, оларға адамгершілік негіздері мен саламатты өмір салтын дарытуға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеу;

234-7) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.10.2025 № 908 қаулысымен;

235) жаңадан іске қосылатын мемлекеттік орта білім объектілерін күтіп-ұстауға арналған бюджет қаражаты шығыстарының көлемін айқындау әдістемесі мен қағидаларын әзірлеу және бекіту;

235-1) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөнінде кеңес құру;

235-2) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуы жөнінде ақпарат беру;

235-3) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жоспарланатын тақырыптарын және іске асырылуы жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалауды өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

235-4) өздерінің құзыреті шегінде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы мемлекеттік гранттар беру және оператордың мемлекеттік гранттардың іске асырылу нәтижелері туралы есебін қарау;

235-5) мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына сәйкес азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып, мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;

235-6) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесінің ұсынымдары негізінде бағыттары мен қаржыландыру көлемі бойынша мемлекеттік гранттарды қалыптастыру;

235-7) стратегиялық әріптестерді конкурстық іріктеуді жүргізу және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес олармен шарттар жасасу;

235-8) стратегиялық әріптестердің жасалған шарттарға және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес міндеттемелерді орындауын бағалауды жүзеге асыру;

235-9) жыл сайын 1 желтоқсанға дейін үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыстың нәтижелері туралы ақпарат ұсыну;

235-10) жеке және заңды тұлғалар жолданымдарда (арыздарда, шағымдарда), сұрау салуларда, ұсыныстарда, үн қосулар мен хабарларда көтеретін жүйелі мәселелерді талдауды, мониторингілеуді және айқындауды жүзеге асыру;

235-11) оқушылардың бойында толеранттылықтың, тұлғааралық және этносаралық коммуникациялардың жоғары мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ету, балалар мен жасөспірімдер арасында профилактикалық шаралар қабылдау және этносаралық қақтығыстарды анықтау;

235-12) оқушылар арасында толерантты этносаралық қатынастарды нығайтуға, оларда инклюзивті және мәдениетаралық өзара іс-қимылды қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;

235-13) он төрт жастан отыз бес жасқа дейінгі балалар мен жастарды патриоттық танытқаны және белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісімен наградтау қағидаларын бекіту;

235-14) он төрт жастан отыз бес жасқа дейінгі балалар мен жастарды патриоттық танытқаны және белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісімен наградтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын ұйымды (әкімшіні) айқындау;

235-15) мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту;

235-16) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту;

235-17) еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту;

235-18) "Өркен" грантын беру қағидаларын және оның мөлшерлерін, сондай-ақ оның құнын айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

235-19) аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттелген органдарын тану қағидаларын бекіту, танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларының тізілімін, сондай-ақ оларды оған енгізу, тоқтата тұру және одан шығару негіздерін қалыптастыру және бекіту;

235-20) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымы және оны әзірлеу қағидаларын бекіту;

235-21) Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражатын бөлу, жұмсау, мониторингтеу және есептілік тәртібін әзірлеу және бекіту;

235-22) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен, әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соқтырған, қатыгез қарым-қатынастың болуын бағалау өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

235-23) тиісті саланың уәкілетті органдарымен денсаулық сақтау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын келісу;

235-24) кәсіптік стандартқа сәйкес әлеуметтік жұмыскерлерді аттестаттау бағдарламасын әзірлеу;

235-25) тестілеуді өткізу кезінде техникалық жарақтандыру бойынша ең төменгі техникалық талаптарды әзірлеу және бекіту;

235-26) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру және оның қызметі туралы ережені бекіту;

235-27) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау қағидаларын келісу;

235-28) әлеуметтік жұмыскерлерді аттестаттау қағидаларын келісу;

235-29) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын келісу;

235-30) білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды әзірлеу және бекіту;

235-31) кәсіптер тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізу;

235-32) кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектілендіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау және оларды кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға жіберу;

235-33) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша ағымдағы және болашақ кезеңдерде кәсіптердің өзектілігін ескере отырып, еңбек нарығының кәсіптік біліктілікті танудағы қажеттілігін қалыптастыру;

235-34) кәсіптік біліктілікті тану шарттары бойынша кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізу;

235-35) кәсіптік біліктілікті тану, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп ұлттық біліктілік шеңберін әзірлеу және (немесе) өзектілендіру;

235-36) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер туралы ережені әзірлеу және бекіту;

235-37) мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басқару, әкімшілік және көмекші персоналының штат санын және штат кестесін өзгерту тәртібін айқындау;

235-38) кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияны құру және оның қызметін жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

235-39) электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті органмен бірге бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, арнаулы, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін компьютерлік және интерактивті жабдыққа қойылатын ең аз талаптарды әзірлеу және бекіту;

235-40) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру, балалардың құқықтарын қорғау саласында көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және шаралар қабылдау;

235-41) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, квазимемлекеттік сектор субъектілері, тиісті саланың (аяның) уәкілетті органдары және өзге де заңды тұлғалар жүзеге асыратын мониторинг нәтижелерін жариялауды қамтамасыз ету;

235-42) әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірістің бөлігін аудару нормативін белгілеу;

235-43) мемлекеттік таза кірістің бөлігін кәсіпорындардың бюджетке толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асыру;

235-44) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру, балалардың құқықтарын қорғау, мектепке дейінгі, орта

, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету мәселелерінде жасанды интеллект саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақты 235-45) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 11.02.2026 № 80 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

236) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.10.2022 № 829; 19.10.2022 № 834 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 06.12.2022 № 981; 13.07.2023 № 562; 04.09.2023 № 764 (04.09.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 01.02.2024 № 59; 13.05.2024 № 370; 28.06.2024 № 506 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 27.09.2024 № 791 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 24.02.2025 № 95 (12.03.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.05.2025 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз); 11.09.2025 № 740; 29.10.2025 № 908; 11.02.2026 № 80 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 12.03.2026 № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3-тарау. Министрліктің бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Министрлікті басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Министрліктің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Министрліктің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары (бірінші вице-министр, вице-министрлер) болады.

19. Министрліктің бірінші басшысының өкілеттіктері:

- 1) өз орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;
- 2) еңбек қатынастары мәселелері өзінің құзыретіне жатқызылған Министрлік қызметкерлерін заңнамаға сәйкес лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;
- 3) заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік қызметкерлеріне тәртіптік жазалар мен көтермелеу шараларын қолданады;
- 4) бұйрықтарға қол қояды;
- 5) барлық мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Министрліктің атынан өкілдік етеді;
- 6) Министрліктің жұмыс регламентін бекітеді;

7) Министрлікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады;

8) өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Министрліктің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

21. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы басқарады.

4-тарау. Министрліктің мүлкі

22. Министрліктің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Министрліктің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Министрліктің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

25. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Министрліктің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.12.2022 № 1121; 13.07.2023 № 562; 13.05.2024 № 370; 27.12.2025 № 1162 қаулыларымен.

1. "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

2. "Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

3. "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

4. "Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

5. "Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

6. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.12.2025 № 1162 қаулысымен.

7. "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы "Талдау" ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы" акционерлік қоғамы.

8. "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" акционерлік қоғамы.

9. "Talar" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

10. "Өркен" балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

11. "Республикалық физика-математика мектебі" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

12. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.07.2023 № 562 қаулысымен.

13. "Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Министрліктің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.10.2022 № 829; 13.07.2023 № 562 қаулыларымен.

1. Ақмола облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.

2. Ақтөбе облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.

3. Алматы облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.

4. Атырау облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.

5. Шығыс Қазақстан облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.

6. Жамбыл облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.

7. Батыс Қазақстан облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.

8. Қарағанды облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.

9. Қостанай облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.

10. Қызылорда облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.

11. Маңғыстау облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.

12. Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.

13. Солтүстік Қазақстан облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.

14. Түркістан облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.

15. Астана қаласының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.

16. Алматы қаласының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.
17. Шымкент қаласының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.
18. Абай облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.
19. Ұлытау облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.
20. Жетісу облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Ереже бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 13.07.2023 № 562 қаулысымен.

"Білім беру мазмұнын сараптаудың республикалық ғылыми-практикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Министрліктің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.10.2022 № 829; 29.10.2025 № 908 қаулыларымен.

1. "Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.
2. "Абай ұлттық мектебі" республикалық мемлекеттік мекемесі.
3. "Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана" республикалық мемлекеттік мекемесі.
4. "Балаларды ерте дамыту институты" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 19 тамыздағы
№ 581 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне" деген бөлімде:

реттік нөмірі 389-6-жол алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне" деген бөлім алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бөлімдермен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне:

405. "Қаржы орталығы" акционерлік қоғамының – 50 (елу) пайыз.

405-1. "Талар" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

405-2. "Ақпараттық-талдау орталығы" акционерлік қоғамы.

405-3. "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" акционерлік қоғамы.

405-4. "Республикалық физика-математика мектебі" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

405-5. "Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

405-6. "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің шаруашылық басқармасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне:

406. "Прогресс" ғылыми-өндірістік бірлестігінің техника паркі" ашық акционерлік қоғамы.

406-1. "Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты" акционерлік қоғамы.

406-2. "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы.

406-3. "Республикалық инновациялық қор" жабық акционерлік қоғамы.

406-4. "Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

406-5. "Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

406-6. "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

406-7. "Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

406-8. "М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

406-9. "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

406-10. "Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

406-11. "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

406-12. "Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

- 406-13. "Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-14. "Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-15. "Торайғыров университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-16. "Қарағанды индустриялық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-17. "А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-18. "Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-19. "Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-20. "М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-21. "Рудный индустриялық институты" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-22. "Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-23. "Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-24. "Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-25. "Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-26. "Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-27. "Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-28. "Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-29. "Павлодар педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-30. "Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-31. "Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
- 406-32. "Азаматтық авиация академиясы" акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетіне

406-33. "Ғылым қоры" акционерлік қоғамы.

406-34. "Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" акционерлік қоғамы.

406-35. "География және су қауіпсіздігі институты" акционерлік қоғамы.

406-36. "ЮНЕСКО аясындағы 2-санаттағы "Орталық Азия өңірлік гляциологиялық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

406-37. "Еуразиялық интеграция институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитетіне

406-38. "Шайсұлтан Шаяхметов атындағы "Тіл-Қазына" ұлттық ғылыми-практикалық орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы."

2. "Экспорты және (немесе) импорты халықаралық шарттарға сәйкес рұқсат беру құжаттары және мемлекеттік органдар беретін рұқсат беру құжаттары негізінде жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 287 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген экспорты және (немесе) импорты халықаралық шарттарға сәйкес рұқсат беру құжаттары мен мемлекеттік органдар беретін рұқсат беру құжаттары негізінде жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесінде:

реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

4.	Минералогия және палеонтология бойынша коллекциялар мен коллекциялау заттары, қазбалы жануарлардың сүйектері	лицензия/ қорытынды	–	ҒЖБМ
----	--	------------------------	---	------

";

Ескертпелерде:

аббревиатуралардың толық жазылуында:

"БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі".

3. "Білім беру саласындағы лицензиарларды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 қарашадағы № 934 қаулысында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

